

**"Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 29 шілдеде № 19103 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 384 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15468 болып тіркелген, 2017 жылғы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Р. Скляр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
2019 жылғы " " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің  
2019 жылғы 29 шілдедегі  
№ 553 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және  
даму министрінің  
2017 жылғы 26 маусымдағы  
№ 384 бұйрығына  
1-қосымша

## **Аэронавигациялық қызмет көрсетушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Аэронавигациялық қызмет көрсетушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-27) тармақшасына, 35-1 және 35-2-баптарына сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағидалар:

1) сертификаттауды жүргізу және аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру;

2) аэронавигациялық қызмет көрсетушінің сертификатын тоқтату (кері қайтару) және оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

3) әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелерінде өзгеріс болған кезде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртіпті айқындайды.

3. Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы ұйым;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласының тұрақты дамуын, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

3) авариялық хабар беру (авариялық хабар беру қызметі) – іздестіру-құтқару қызметінің көмегін қажет ететін әуе кемелері туралы тиісті ұйымдарды хабардар ету және осындай ұйымдарға қажетті жәрдем көрсету үшін ұсынылатын қызмет көрсету;

4) аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметі – нақты белгіленген әрекет ету аймағында құрылған, әуе навигациясының қауіпсіздігін, тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз етуге қажетті аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) беруге жауап беретін қызмет;

5) аэронавигациялық қызмет көрсету – әуе қозғалысына қызмет көрсетуді, байланыс, навигация және бақылау жүйелерін ұсынуды, ұшуларды метеорологиялық және іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді, аэронавигациялық ақпарат беруді қамтитын қызмет.

Қызмет көрсетудің бұл түрлері әуе кеңістігін пайдаланушыларға ұшудың барлық кезеңдеріне (қонуға жақындау, әуеайлақ ауданында және бағытта) ұсынылады;

6) аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші – әуе қозғалысын ұйымдастыруды және (немесе) басқа аэронавигациялық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін заңды тұлға;

7) аэронавигациялық қызмет көрсетушінің сертификаты (бұдан әрі – сертификат) – аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаттық талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат.

8) әуеайлақтық метеорологиялық ұйым – әуеайлақта орналасқан, әуе кемелерінің ұшуын метеорологиялық қамтамасыз етуге арналған қызмет;

9) әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету – мынадай:

әуе кемелері арасында және әуе кемелерінің маневр жасау алаңындағы кедергілермен соқтығысуын болғызбау;

әуе қозғалысын жылдамдату және реттеу мақсаттарында ұсынылатын қызмет көрсету;

10) әуе қозғалысына қызмет көрсету – әуе қозғалысына ұшу-ақпараттық қызмет көрсету, авариялық хабар беру, диспетчерлік қызмет көрсету (аудандық диспетчерлік қызмет көрсету, қонуға жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету немесе әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету);

11) әуе қозғалысына қызмет көрсету органы – әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету органы, ұшу ақпаратының орталығы немесе аэронавигациялық қызмет

көрсетуді берушінің әуе қозғалысына қызмет көрсетуіне қатысты хабарламаларды жинау пункті;

12) метеорологиялық қадағалау органы – оның жауапкершілік ауданында әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін атмосферадағы ұшу маршруты мен басқа құбылыстар бойынша нақты немесе ауа райының күтілетін белгілі бір құбылыстарының пайда болуы туралы ақпаратты дайындап, ұсынатын орган;

13) метеорологиялық орган – халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз етуге арналған орган;

14) өтініш беруші – сертификат алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға жүгінген заңды тұлға;

15) ұшу-ақпараттық қызмет көрсету – мақсаты ұшудың қауіпсіз және тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін консультациялар мен ақпарат беру болып табылатын қызмет көрсету.

4. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілер аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарына (бұдан әрі – Сертификаттау талаптары) сәйкес келуі тиіс.

5. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 554-бабының 7-тармағының 9) тармақшасына сәйкес тәртіппен және мөлшерде алынады.

6. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттауды (бұдан әрі – сертификаттау) уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

7. Сертификаттаудың жалпы мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіде филиалдар (өкілдер) бар болған жағдайда, осы Қағидалардың 14-тармағынан көзделген сертификаттық зерттеп - қарау мерзімі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес есептеледі.

8. Сертификат иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа адамға берілмейді.

## **2-тарау. Сертификаттау жүргізу және Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге сертификат беру тәртібі**

9. Сертификаттаудан өту үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға арналған өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесіне сәйкес құжаттарымен бірге, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді

беруші сертификатын алуға өтінішті (бұдан әрі - өтініш) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) филиалдарына береді.

Мемлекеттік корпорацияда өтініш пен ұсынылған құжаттардың толықтығына тексеру жүргізіліп, одан кейін олар уәкілетті ұйымға жолданады.

10. Уәкілетті ұйым өтініш және құжаттар келіп түскен күннен бастап 6 (алты) жұмыс күні ішінде өтінішті қарайды.

11. Өтінішті және осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға арналған өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесіне сәйкес құжаттарды қарау қорытындысы бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға берілген өтініші бойынша шешімді өтініш берушіге жібереді.

12. Уәкілетті ұйым оң шешім қабылдаған жағдайда шешім шыққан күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде сертификаттық зерттеп - қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

Персоналдық құрам, нақты қолдану саласын және қызмет түрін (кіші түрін) сертификаттық зерттеп - қарауды жүргізу мерзімі және комиссия тексеретін аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші (аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің филиалдары (өкілдік) уәкілетті ұйым басшысының бұйрығымен айқындалады.

Бірінші сертификаттық зерттеп - қарау үшін уәкілетті ұйым басшысының бұйрығын шығару шешім шығарылған күннен кейін екінші жұмыс күні, ал одан кейінгі сертификаттық зерттеп - қарау үшін – алдыңғы сертификаттық зерттеп - қарауды сертификаттық зерттеп - қарау актісіне қол қойған күннен бастап екінші жұмыс күні жүзеге асырылады.

Комиссияның лауазымдық құрамына авиация инспекторлары енгізіледі.

13. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаттық зерттеп - қарау үшін қажетті жұмыс күнінің саны осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Өтініш берушінің филиалдары (өкілдіктері) санына байланысты айқындалады.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаты сұралған, сертификаттауға жататын аэронавигациялық қызмет көрсету түрлері (кіші түрлері) осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген.

14. Уәкілетті ұйым нұсқамалық материалды пайдалана отырып аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарға сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде сертификаттық зерттеп - қарауды жүргізеді.

15. Сертификаттық тексеру аяқталғанға дейін өтініш беруші мынадай жағдайда аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификат сұралған, сертификаттауға

жататын барлық аэронавигациялық қызмет көрсету түрлеріне (кіші түрлеріне) түзетулер енгізеді:

- 1) әуеайлақтың мәлімдеген санатын өзгерту;
- 2) ҰРТҚ мен байланыс құралдарын орналастыру орнын өзгерту.

16. Сертификаттық зерттеп - қарау нәтижелер бойынша комиссия Өтініш берушінің ұйымдастырушылық құрылымы, процестері мен құжаттамасының нақты жай-күйін, тұжырымдарын, ұсынымдарын және сертификат беру (беруден бас тарту) мүмкіндігі туралы қорытындысын көрсете отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада сертификаттық зерттеп - қарау актісін (бұдан әрі - акт) жасайды.

Актіге барлық комиссия мүшелері қол қояды және өтініш берушіге танысуға жіберіледі.

Өтініш берушіге зерттеп-қарау актісі жіберілген күннен бастап сертификаттау мерзімін өтініш беруші уәкілетті ұйымға қол қойылған актіні ұсынғанға дейін тоқтатылады.

Сертификаттық зерттеп - қарау актісінде сертификатты беру мүмкін еместігі туралы қорытынды көрсетілген жағдайда, уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкес келмеушіліктер тізбесін қосымша қоса береді.

Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде анықталған сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер үш санатқа: 1-санат, 2-санат және 3-санат болып бөлінеді.

1-санатқа қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде ол жойылуға тиіс сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

2-санатқа азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімдерде жойылған немесе шектеулер енгізілген шарттарда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

3-санатқа қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

17. 3-санаттың сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өтініш берушінің қабілетсіздігімен сипатталады.

3-санаттың сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде уәкілетті ұйым сертификатты беруден бас тартады не өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойған кезге дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сертификаттың қолданысын шектейді.

18. 2-санаттың сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған кезден бастап үш айдан аспайтын мерзім белгілейді. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі

түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелерімен танысқан кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға ұсынады;

2) өтініш беруші ұсынған анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын бекітеді не оны негіздемесімен қоса пысықтауға қайтарады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзім өтініш беруші оны өзгерту қажеттілігі туралы негіздемені ұсынған кезде, уәкілетті ұйым оны ұзартады.

19. Уәкілетті ұйым өтініш берушінің түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындауын зерттеп - қарау жолымен бақылайды.

1-санаттың сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді.

20. Уәкілетті ұйым түзету іс-қимылдарының жоспарын бекіткен күннен бастап сертификаттау мерзімін есептеу анықталған сәйкессіздіктер жойылғанға дейін тоқталады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында белгіленген мерзімде сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін өтініш беруші уәкілетті ұйымға растайтын құжаттама қоса берілген оларды жою туралы еркін нысандағы анықтаманы ұсынады.

21. Сертификаттық зерттеп - қарау нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер болмаған не бірінші санаттың сәйкессіздіктері болған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш беруші қол қойған актіні ұсынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын ресімдейді және оны көрсетілген сертификатты өтініш берушіге беретін мемлекеттік корпорацияға береді.

22. Актіде көрсетілген екінші санаттың сәйкессіздіктері болған кезде уәкілетті ұйым өтініш беруші осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген анықтаманы және растаушы құжаттаманы ұсынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды тексереді және ескертулер болмаған жағдайда, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын ресімдейді және оны көрсетілген сертификатты өтініш берушіге беретін мемлекеттік корпорацияға береді.

23. Сертификат осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаты сұралған, сертификаттауға жататын аэронавигациялық қызмет көрсету түрлерін (кіші түрлерін) және оның қолдану саласын көрсете отырып бес жылға беріледі.

Сертификат аэронавигациялық қызмет көрсетудің барлық немесе жекелеген түрлеріне (кіші түрлеріне) ресімделеді.

Бұл ретте, аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші өзінің қызметін сертификатқа сәйкес қатаң жүзеге асырады.

24. Сертификаттық зерттеп - қарау процесінде авиация инспекторлары табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан, құралдардың істен шығуын немесе ақауын жоюдан туындаған не ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізу жоспарының орындалуымен қатысқан сертификаттық талаптардан ауытқуларды анықтаған жағдайда, комиссия сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезеңіне белгіленген деңгейге балама ұшу қауіпсіздігі деңгейін қамтамасыз ететін өтініш беруші қабылдаған қосымша шараларды көрсете отырып, сертификат беру мүмкіндігін белгілейді.

Сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезеңін уәкілетті ұйым айқындайды, бірақ ол екі жылдан аспайды.

Сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезеңіне сертификат беру мүмкіндігі тиісті негіздемесімен сертификаттық зерттеп - қарау актісінде көрсетіледі.

Сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезінде актіге қол қойылған күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

25. Сертификатты беруден бас тарту үшін:

1) құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін немесе толық болмауын анықтау;

2) өтініш берушіге қатысты оның қызметіне немесе аэронавигациялық қызмет көрсетуге кіретін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

3) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген 3-санаттың сертификаттық талаптарын сәйкессіздік негіз болып табылады.

### **3-тарау. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын тоқтата тұру (кері қайтарып алу), оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі**

26. Сертификаттың қолданылуы тоқтатылған немесе оны кері қайтарған жағдайда, уәкілетті ұйым аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қабылданған шешім туралы хабарлайды.

27. Сертификатты кері қайтарып алған жағдайда, сертификаттың иесі сертификаттың түпнұсқасын уәкілетті ұйымға сертификаттың кері қайтарылуы туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады.

28. Сертификат оның иесінің өтініші бойынша толық немесе ішінара шектелуі мүмкін.

Мұндай жағдайда, иесі уәкілетті ұйымға аэронавигациялық қызмет көрсетудің шығарып тасталатын түрлерін (кіші түрлерін) көрсете отырып, негіздемесі бар еркін нысандағы өтінішті жолдайды.

Уәкілетті ұйым өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификатқа шектеулер енгізу ішінде бойынша қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

29. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сертификатта бұрын көрсетілмеген жаңа аэронавигациялық қызмет көрсету түрлерін (кіші түрлерін) жүзеге асыру үшін өтініш беруші мемлекеттік корпорация арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға өтініш және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға арналған өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесіне сәйкес мәлімделген аэронавигациялық қызмет көрсету түрлеріне (кіші түрлеріне) қатысты бөлігінде құжаттарды жолдайды.

Бұл ретте, аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші қосымша сертификаттау үшін Салық кодексінің 554-бабының 7-тармағының 9) тармақшасында белгіленген аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерді сертификаттауға алым мөлшерлемесінен 10% мөлшерінде алым төлейді.

Сертификаттау жүргізу және аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге сертификат беру тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауында белгіленеді.

30. Құрамына бес және одан көп филиалдар (өкілдіктер) енетін аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні қайта сертификаттау кезінде уәкілетті ұйым сертификаттық зерттеп - қарау үшін мәлімделген филиалдардың (өкілдіктер) жартысынан кем емес бөлігін құрайтын, ол айқындаған, филиалдарға (өкілдерге) сертификаттық зерттеп - қарау жүргізу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте алдын ала жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктердің ең көп саны бар филиалдар (өкілдіктер) таңдалады.

31. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші атауының немесе оның ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі кезінде сондай-ақ осы Қағидалардың талаптарына және сертификаттау талаптарына толық сәйкес болған жағдайда, өтініш беруші уәкілетті ұйымға сертификатты ауыстыруға еркін нысанда өтініш береді.

Бұл ретте, сертификаттық зерттеп - қарауды талап етілмейді, ал жаңа сертификат үш жұмыс күні ішінде ақы төлеусіз беріледі.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге бұрын берілген сертификаты уәкілетті ұйымға қайтарылуға тиіс және жою актісіне сәйкес оны жою тәсілін көрсете отырып, еркін нысанда жоюға жатады.

32. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сертификаттың сақталуын қамтамасыз етеді. Сертификат бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда,

аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші еркін нысанда негіздемесі бар сертификаттың телнұсқасын алуға өтінішті береді.

Уәкілетті ұйым сертификаттың телнұсқасын беруді өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

#### **4-тарау. Әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріне өзгерістер енгізу кезінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

33. Уәкілетті ұйыммен алдын ала келісуге жататын әуе қозғалысының функционалдық жүйелеріндегі өзгерістер тізбесі осы Қағидаларға 9-қосымшада көрсетілген.

34. Уәкілетті ұйыммен алдын ала келісуге жататын әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістер тізбесінде осы Қағидаларға 9-қосымшада көрсетілген ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріне өзгерістерді келісуге сұрау салуды аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістерді келісуге арналған сұрауға қоса берілген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, еркін жазбаша нысанда уәкілетті ұйымға ұсынады.

35. Уәкілетті ұйым әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі жоспарланған өзгерістер тәуекелін бағалау бойынша есепті сұрау салу келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарастыруды жүргізеді.

Қарастыру нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым ұсынылған есепті келісу немесе келісуден бас тарту туралы шешім шығарады.

36. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістерді келісуге арналған сұрауға қоса берілген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда келісуден бас тартуы мүмкін.

Келісуден бас тартқан жағдайда, уәкілетті ұйым аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге тиісті негіздемесі бар ресми хабарлама жібереді.

37. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілер осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріне өзгерістер енгізгенге дейін 20 жұмыс күні бұрын осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті ұйымды ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістер туралы хабардар етеді.";

## Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сертификатын алуға өтініш

---

---

(өтініш берушінің толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

---

(сертификат алу)

мақсатында сертификаттау жүргізуіңізді сұраймын.

Аэронавигациялық қызмет көрсетудің мәлімделген түрі (кіші түрі):

---

(қаланы, ауданды көрсете отырып)

---

Өтініш беруші:

1. Сертификаттау рәсімдерін орындауға;
2. Қойылатын сертификаттық талаптарға жауап беруге;

3. Өтініш беруші әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын мойындауға және оларды орындауға, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның аэронавигациялық қызмет көрсетуге бақылау мен қадағалау жүргізуді жүзеге асыруына мүмкіндік беруге міндеттенеді.

---

(лауазымы, қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), күні)

Қосымша:

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру  
қағидаларына  
2-қосымша

**Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға арналған өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі**

1. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сертификатын алуға өтініш.

2. "Азаматтық авиация субъектілерінің қаржылық-экономикалық жағдайы туралы ұсынылатын ақпараттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 718 бұйрығына сәйкес ( Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8747 болып тіркелген) ұсынылатын нысан бойынша соңғы жылғы қаржылық-экономикалық жағдайы туралы ақпарат.

3. Сақтандырудың міндетті түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтандыру міндеттемелері бойынша мәліметтер.

4. Персоналдың техникалық оқу және біліктілігін арттыру курстарын жоспарлауды, өткізуді растайтын құжаттама.

5. Ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша бекітілген нұсқау (егер шарттық негізде ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі ұқсас қызмет көрсету түрін ұсынатын басқа аэронавигациялық қызметті берушінің бақылауында болса – шарттың қоса бере отырып, осындай қызмет көрсетушінің ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша бекітілген нұсқауы).

6. Салыстыру үшін түпнұсқасын ұсына отырып сертификаттау жүргізуге мемлекеттік алым төлемі фактісін растайтын төлем тапсырмасы нұсқасының көшірмелері.

7. Диспетчердің, оператордың жұмыс технологияларының көшірмелері ( сертификаттауға өтініш берген әрбір бөлімше үшін).

8. Соңғы жылдағы әуе трассаларындағы (жауапкершілік ауданында) ұшу қозғалысының қарқындылығы және әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘҚК) секторларының (аймақтарының) өткізу қабілеті туралы анықтама.

9. Радиотехникалық жабдықтарды және радиобайланысты пайдалану қызметіне бекітілген ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – ҰРТҚ) және байланыс жабдықтарының (құралдарының) жиынтық тізбесі.

10. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету тәртібін айқындайтын құжаттар:

ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервтеу жөніндегі бекітілген нұсқаулықтар тізбесі;

ҰРТҚ және байланыс құралдарына басқа техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестесі;

ҰРТҚ және байланыс құралдарына жерүсті зерттеп - қарау туралы ақпарат;

ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезінде зерттеп - қарау туралы ақпарат.

ҰРТҚ және байланыс құралдарының "Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген) нормаларына сәйкестігі туралы ақпарат.

11. Аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметі (бұдан әрі – ААБ қызметі) персоналының жұмыс тәртібін айқындайтын құжаттар:

бекітілген лауазымдық нұсқаулықтар;

шығыс аэронавигациялық ақпарат берушілердің қолданыстағы тізбесі;

ААБ қызметінің бекітілген құрылымы;

12. Метеорологиялық жабдықтың құрамы мен орналастыру схемасы.

13. Әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.

14. Метеорологиялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын персоналдың бекітілген үлгілік лауазымдық нұсқаулықтары.

15. Авиациялық метеорологиялық персоналдың құзыреттілігіне бағалау жүргізуді растайтын құжаттар:

құзыреттілікке бағалау жүргізудің бекітілген әдістемесі;

соңғы жүргізілген құзыреттілікті бағалау жөніндегі анықтама.

16. Халықаралық стандарттау ұйымының (ИСО) 9000 сериялы сапа менеджменті жүйесінің сертификаты.

17. Издестіру және құтқару жөніндегі үйлестіру орталығы персоналының жұмыс тәртібін айқындайтын құжаттар:

бекітілген лауазымдық нұсқаулықтар;

бекітілген жұмыс технологиясы.

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## **Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға берілген өтініші бойынша шешім**

№ \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің толық атауы)

(аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің атауы)

сертификаттау жүргізуге берілген 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ өтінімді қарап, мынаны хабарлаймыз:

1. Сіз ұсынған құжаттар Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау

және оған сертификат беру қағидаларында белгілеген талаптарға сәйкес келеді (сәйкес келмейді) (сәйкес келмеген жағдайда, сәйкес келмеген тармағы көрсетіледі)

2. Сертификаттық зерттеп-қарау \_\_\_ бастап \_\_\_ дейінгі аралықта жоспарлануда.

Уәкілетті ұйымның басшысы  
не ол уәкілеттік берген адам

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру қағидаларына  
4-қосымша

**Филиалдар (өкілдіктер) санын қоса алғанда, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттық зерттеп - қарау үшін қажетті жұмыс күнінің саны**

Филиалдар (өкілдіктер) саны	Сертификаттауға зерттеп - қарауға берілген жұмыс күндерінің саны
2	10
3	15
4	20
5	25
6	30
7	35
8	40
9	45
10	50
11	55
12	60
13	65
14	70
15	75
16	80

17	85
18	90
19	95
20	100
21	105
22	110
23	115
25	120

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаты сұралған, сертификаттауға жататын аэронавигациялық қызмет көрсету түрлері (кіші түрлері)**

Қызмет көрсету	Қызмет көрсету түрі	Қызмет көрсетудің кіші түрі	Ескертпе
1	2	3	4
Әуе қозғалысына қызмет көрсету (ATS)	Әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету (ATS)	Аудандық диспетчерлік қызмет көрсету	---
		Қонуға жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету	---
		Әуеайлақты диспетчерлік қызмет көрсету	---
	Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету (FIS)	OFIS деректерін тарату	---
		Консультациялар мен ақпараттарды ұсыну	---
		Дауыстық деректерді қолдануға негіздеген (дауыстық ATIS), әуеайлақ маңында ақпаратты автоматты тарату қызметі	---
		Әуеайлақ ауданында ақпаратты деректерді тарату желісі (D – ATIS) арқылы автоматты тарату қызметі	---
		VOLMET радиобағдарларын тарату	---
	Авариялық хабар беру (AL)	---	---
	Әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету (AFIS)	---	---

	Әуе кеңістігінің дизайнын, әуе трассаларын және әуеайлақтық схемаларды әзірлейтін қосалқы қызмет көрсету	-----	-----
Байланыс, навигация және бақылау жүйесін беру (CNS)	Байланыс (C)	Авиациялық радиобайланыс (әуе-жер байланысы)	Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету үшін
			Аудандық диспетчерлік қызмет көрсету үшін
			Қонуға жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету үшін
			Әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету үшін
			Авиациялық жұмыстарды орындау үшін
			Авариялық-құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарына арналған авариялық радиобайланыс үшін
	Авиациялық электр байланысы (жер-жер байланысы)	ӘҚҚҚ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін	
		Әуежай ішіндегі электр байланысы үшін	
		Тіркелген авиациялық электр байланыс желісі үшін	
	Навигация (N)	Әуе кеңістігінде NDB дабылын қамтамасыз ету	-----
			-----
			-----
		Әуе кеңістігінде ILS дабылын қамтамасыз ету	I санат
			II санат
-----			
Әуе кеңістігінде GBAS дабылын қамтамасыз ету	-----		
	-----		
	-----		
Бір жақты шолу радиолокаторы деректерін ұсыну	-----		
	Mode A/C		
	Mode S		
ADS-B деректерін ұсыну	-----		

	Бақылау (S)	Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ӘҚБ АЖ)	-----	
		Әуе қозғалысын автоматты басқару құралдары	<p>Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ӘҚБ АЖ)</p> <p>Әуе қозғалысын басқарудың құралдарын автоматтандырылған құралдар кешені (ӘҚБ АҚК)</p> <p>Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жұмыс орны (ӘҚБ АЖО)</p>	
	Байланыс, навигация және бақылау жүйесін беру (жалпы функциялары)	Радиолокациялық ақпаратты, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін диспетчерлік қызметтер мен лауазымды тұлғалардың сөйлесулерін құжаттау жабдығы	<p>Бақылау құралдарының ақпаратын құжаттау жабдығы</p> <p>Диспетчерлік қызметтердің, операторлар мен ұшуды қамтамасыз етуші тұлғалардың сөйлесулерін құжаттау жабдығы</p>	
Басқа қызмет көрсетулер	Аэронавигациялық ақпарат беру	Аэронавигациялық ақпарат жинағын шығару	-----	
		NOTAM шығару	-----	
		Автоматтандырылмаған ұшу алды ақпарат бюллетеньдерін шығару (PIB)	-----	
	Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету	Әуеайлақтық метеорологиялық ұйым	Метеорологиялық қамтамасыз ету 4 (А, Б, В) немесе 2, 3 (Г, Д) немесе 1 (Е) (ҰҚЖ кластары) кодтық белгілерімен ҰҚЖ үшін қонуға аспаптар немесе көзбен шолып кіру бойынша қонуға кіру талаптарына сәйкес келеді	
			Метеорологиялық қамтамасыз ету ИКАО I санаты бойынша қонуға нақты беттеу талаптарына сәйкес келеді	
			Метеорологиялық қамтамасыз ету II санаты бойынша қонуға нақты беттеу талаптарына сәйкес келеді	
	Метеорологиялық бақылау органы	-----		
Іздестіру-құтқаруды қамтамасыз ету	-----	Іздестіру және құтқару үйлестіру орталығының қызметін ұсыну		

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларына 6-қосымша

## Сертификаттық зерттеп - қарау актісі

\_\_\_\_\_ (уәкілетті ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_ бұйрығына сәйкес төмендегі құрамдағы комиссия:

Төраға \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы)

Комиссия мүшелері

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы)

\_\_\_\_\_ сертификаттық зерттеп - қарау жүргізді.

(аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің атауы (оның филиалдарының (өкілдіктерінің) (егер қолданылатын болса)

Қорытынды мәтіні: \_\_\_\_\_

Төраға: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)), (қолы, күні)

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)) (қолы, күні)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)), (қолы, күні)

Актімен таныстым:

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің басшысы

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы, (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау  
және оған сертификат  
беру қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

## Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктер тізбесі

№	Сәйкессіздіктің мазмұны	Ескертпе

Комиссия мүшелері:

---

---

---

Таныстым:

Аэронавигациялық ұйымның басшысы

(лауазымы) (қолы, (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау  
және оған сертификат  
беру қағидаларына  
8-қосымша  
Нысан

## Уәкілетті ұйымның атауы Уәкілетті ұйымның мекенжайы Сертификатты берген уәкілетті ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі

### Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаты

№ \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ берілді. Қолданылу мерзімі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін.

---

---

(аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші ұйымның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы)

Осы сертификат

---

---

(аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің атауы)

аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қойылатын сертификаттық талаптарға

аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сәйкес екендігін куәландырады.

Қызмет көрсету түрі мен (кіші түрі) сертификаттың қолданылуы аясы осы сертификатқа қосымшада көрсетілді.

Сертификат \_\_\_\_\_

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның атауы)

комиссиясының 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ сертификаттық зерттеп -қарау актісі негізінде берілді.

аэронавигациялық қызмет көрсету берушіге қойылатын сертификаттық талаптарға сәйкестігін тұрақты бақылауды

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның атауы)

жүзеге асырады.

Уәкілетті ұйымның басшысы

не ол уәкілеттік берген адам

(қолы, (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушінің  
сертификатына  
№\_\_ қосымша  
Нысан

## Сертификаттың қолданылу аясы

Қызмет көрсету	Қызмет көрсету түрі	Қызмет көрсетудің кіші түрі	Қаланы, ауданды көрсету	Ескертпе
Әуе қозғалысына қызмет көрсету				
Байланыс, навигация және бақылау жүйесін ұсыну				
Аэронавигациялық ақпарат ұсыну				
Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету				
Ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз ету				

Уәкілетті ұйымның басшысы

не ол уәкілеттік берген адам

(қолы, (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Аэронавигациялық қызмет

көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру қағидаларына  
9-қосымша

## **Уәкілетті ұйыммен алдын ала келісуге жататын әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістер тізбесі**

Алдын ала келісуге жататын әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістерге:

1) нақты әуе кеңістігінде немесе әуеайлақта қолдануға жататын эшелондаудың қысқартылған минимумы;

2) әуе кеңістігі құрылымының өзгеруі (әуе қозғалысына қызмет көрсету аудандарының, бақыланылмайтын әуе кеңістігі аудандары шекараларының өзгеруі) жатады.

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру қағидаларына  
10-қосымша

## **Ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістерді келісуге арналған сұрауға қоса берілген құжаттар тізбесі**

1. Әуе қозғалысын ұйымдастыру жүйесіне жоспарланған өзгерістерге байланысты тәуекелдерді бағалау бойынша есеп;

2. Өзгерістерді енгізудің алдын ала жоспары.

Ескерту: барлық құжаттар аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің басшысының қолымен куәландырылады.

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру қағидаларына  
11-қосымша

## **Уәкілетті ұйымды хабарландыруға жататын әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріндегі өзгерістер тізбесі**

Хабарландырылуға жататын әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріндегі өзгерістерге:

1) әуе кеңістігінде немесе әуеайлақта қолдануға жататын ұшып шығу және ұшып келу қағидаларын қоса алғанда, ұшуды жүргізудің жаңа енгізілген пайдалану рәсімдері;

(PBN, SID/STAR, параллельді немесе түгел параллельді ұшу-қону жолағындағы (бұдан әрі - ҰҚЖ) операциялар);

2) ӘҚҰ маршруттарының құрылымының өзгеруі;

3) әуе кеңістігі құрылымының өзгеруі (әуеайлақтардың аудандары шекараларының өзгеруі, ресекторизациялау);

4) әуеайлақта ҰҚЖ және/немесе рульдік жол конфигурациясының физикалық өзгеруіне байланысты ӘҚҰ рәсімдері;

5) байланыс, бақылау жабдығының және басқа да жабдықтардың ұшуда қауіпсіздігі үшін мәні барларының, соның ішінде жаңа функциялар және/немесе мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жаңа жүйелерді енгізу жатады.

Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау және оған  
сертификат беру қағидаларына  
12-қосымша  
Нысан

## **Ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі өзгерістер туралы хабарлама**

Осы арқылы \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

ұшу қауіпсіздігіне байланысты әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйесіндегі алдағы өзгерістер туралы хабарлайды.

Өзгеріс мыналарды білдіреді:

\_\_\_\_\_  
(алдағы өзгерістердің қысқаша мазмұны)

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), күні)

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің  
2019 жылғы 29 шілдедегі  
№ 553 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және  
даму министрінің  
2017 жылғы 26 маусымдағы  
№ 384 бұйрығына  
2-қосымша

## **Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қойылатын сертификаттық талаптар**

Осы сертификаттық талаптар (бұдан әрі – талаптар) аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қойылатын талаптарды (бұдан әрі – АНҚ берушіде) белгілейді.

Талаптар мыналарды көздейді:

1. Мыналарды:

1) АНҚ берушіде мынаның:

АНҚ берушінің Жаһандық аэронавигациялық жоспармен (Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының құжаты, ГАНП, Құжат 9750) көзделген іс-шараларды іске асыруды көрсететін даму кемінде 3 жыл кезеңге арналған бекітілген жоспары болуы;

әзірленген және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісілген әуе қозғалысына қызмет көрсетуді бұзуға байланысты күтпеген мән-жайлар кезіндегі іс-шаралар жоспарының болуы және (немесе) байланыс, навигация және бақылау жүйелерін ұсыну, және (немесе) ұшуды метеорологиялық және (немесе) іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді, және (немесе) аэронавигациялық ақпаратты ұсынуда;

бекітілген филалдар (өкілдіктер) туралы ережелердің және лауазымдық нұсқаулықтардың болуы;

"Әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде әуежайларда азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 наурызда № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6855 болып тіркелген) сәйкес жасалған (АНҚ берушіні бастапқы сертификаттаған жағдайда) не қызмет ететін (АНҚ берушіні қайта сертификаттаған жағдайда) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (меншікті немесе шарт негізіндегі ұқсас қызмет түрін көрсететін басқа АНҚ берушінің ұшудың қауіпсіздігін басқару жүйесінің бақылауында) болуы;

көрсетілетін аэронавигациялық қызмет көрсету түрлеріне қатысты бөлікте, әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, персоналды таныстыру жөніндегі, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігі бойынша ақпаратты (талдауды) жеткізу жөніндегі нұсқаулықтың (рәсімдердің) болуы;

дайындалған персоналдың бар болуы және оның дайындығы "Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 764 бұйрық) негізінде әзірленген аэронавигациялық қызмет көрсетушінің нақты түрі үшін

жұмылдырылған персоналды кәсіби даярлаудың бекітілген бағдарламаларына сәйкестігі.

азаматтық авиация ұйымдарының қызметтерімен Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайда өзара іс-қимыл жасау (үйлестіру) жөніндегі келісілген нұсқаулықтардың болуы;

2) АНҚ берушінің АНҚ берушінің сертификатын алуға өтінішке қоса берілетін құжаттама талаптарын АНҚ берушіні сертификаттау және оған сертификат беру тәртібіне сәйкес сақтауын;

2. Әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін қосымша талаптарды:

1) Әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметтерінің (органдардың):

көрсетілген Нұсқаулықтың АНҚ берушіні бастапқы не қайта сертификаттау үшін қолданылуына қатысты бөлікте "Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 мамырдағы № 279 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7006 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 279 бұйрық);

АНҚ берушіні бастапқы не қайта сертификаттау үшін көрсетілген Қағидалардың қолданылуына қатысты бөлікте "Авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 159 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10562 болып тіркелген) сақтауы;

2) әуе қозғалысына қызмет көрсету органдар персоналының бар болуы және олардың "Авиация персоналының куәлігін алу үшін адамға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7058 болып тіркелген) авиациялық персоналының куәлік берілетін адамдарға қойылатын біліктік талаптарына сәйкестігі;

3) әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын диспетчердің, авиациялық станциялар операторларының бекітілген жұмыс технологияларының болуы;

4) авиациялық оқиғалар мен инциденттер жөніндегі авариялық хабар берудің бекітілген схемасының болуы;

5) метеорологиялық және аэронавигациялық ақпаратты алуға шарттың болуы (егер өтініш беруші мұндай қызметтерді ұсынбаса);

3. Байланыс, навигация және бақылау жүйелерін ұсынуды қамтамасыз ету үшін қосымша талаптар:

1) Радиотехникалық жабдықты және байланысты пайдалану қызметтерінің:

АНҚ берушіні бастапқы не қайта сертификаттау үшін көрсетілген Қағидалардың қолданылуына қатысты бөлікте, "Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық

электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 402 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15554 болып тіркелген);

АНҚ берушіні бастапқы не қайта сертификаттау үшін көрсетілген Нормалардың қолданылуына қатысты бөлікте, "Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылық нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығы (бұдан әрі – № 381 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген);

АНҚ берушіні бастапқы және қайта сертификаттау үшін көрсетілген Қағидалардың жарамдылығына қатысты бөлікте № 159 бұйрықты;

АНҚ берушіні бастапқы және қайта сертификаттау үшін көрсетілген Нұсқаулықтың жарамдылығына қатысты бөлікте № 279 бұйрықты;

АНҚ берушіні бастапқы және қайта сертификаттау үшін көрсетілген Қағидалардың жарамдылығына қатысты бөлікте № 764 бұйрықты сақтау;

2) ұшуды және байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын пайдалану құжаттамасының талаптарының бар болуы және сақтауы;

3) ұшуды және байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарына (авиациялық әуе электр байланысы, авиациялық жерүсті электр байланысы, навигацияның радиотехникалық құралдары, бақылау жүйелері, әуе қозғалысын басқарудың автоматтандыру құралдары, бақылау ақпаратын ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін диспетчерлік қызметтер мен лауазымды тұлғалардың келіссөздерін құжаттандыру жабдығы) және оларды электрмен жабдықтау көздеріне пайдалану құжаттамасына сәйкес техникалық қызмет көрсету және жөндеуді қамтамасыз ету;

4. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету үшін қосымша талаптар:

1) метеорологиялық органның:

көрсетілген Қағидалардың АНҚ берушіні бастапқы не қайта сертификаттау үшін қолданылуына қатысты бөлікте, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 14 маусымдағы № 345 бұйрығы "Азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15358 болып тіркелген);

АНҚ берушіні бастапқы және қайта сертификаттау үшін көрсетілген Қағидалардың жарамдылығына қатысты бөлікте № 159 бұйрықты сақтауы;

2) Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның (ИСО) сериясы 9001 сапа менеджменті жүйелерінің болуы.

5. Аэронавигациялық ақпараттарды ұсыну үшін қосымша талаптар:

1) Аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметінің:

көрсетілген Қағидалардың АНҚ берушіні бастапқы не қайта сертификаттау үшін қолданылуына қатысты бөлікте, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 420 бұйрығы "Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15427 болып тіркелген);

АНҚ берушіні бастапқы және қайта сертификаттау үшін көрсетілген Қағидалардың жарамдылығына қатысты бөлігінде № 764 бұйрықты;

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 509 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15852 болып тіркелген);

2) Стандарттау бойынша халықаралық ұйымның (ИСО) сериясы 9001 сапа менеджменті жүйелерінің болуы;

6. Ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз ету қызметін ұсыну үшін қосымша талаптар:

1) іздестіру және құтқарудың үйлестіру орталығының:

Өнім берушіні бастапқы және қайта сертификаттау үшін көрсетілген Қағидалардың жарамдылығына қатысты бөлігінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша қағидаларын";

Өнім берушіні бастапқы және қайта сертификаттау үшін көрсетілген Нұсқаулықтың жарамдылығына қатысты бөлігінде № 279 бұйрықты сақтауы.